

БЕКІТЕМІН

Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ

Жер туралы ғылымдар

мектебінің деканы

 М.Е. Рахымбердина

« 22 » _____ 03 _____ 2024 ж.

"GREEN DREAM"

МЕКТЕП ИДЕЯЛАРЫ КОНКУРСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Ереже Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінде (бұдан әрі - Университет) «Green Dream» мектеп идеялары конкурсын (бұдан әрі - Конкурс) өткізу тәртібі мен шарттарын айқындайды;

2. Конкурс «Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі» білім беру бағдарламасымен («ҚОҚжәнеӨТҚ» ББ) ұйымдастырылған;

3. Байқау университетте «Ғылым апталығын» өткізу аясында ұйымдастырылады.

2 БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Байқау жастардың күнделікті өмірдегі энергия және ресурс үнемдеу проблемасы туралы хабардарлығын арттыру, экологиялық ойлау мен мінез - құлықты қалыптастыру, әртүрлі аспектілерде өмір қауіпсіздігі мәселелеріне назар аудару, сондай-ақ кәсіптік бағдар беру мақсатында өткізіледі;

Байқаудың негізгі міндеттері:

- жастардың «жасыл» күн тәртібі туралы хабардарлығын арттыру;
- волонтерлік қызметті дамыту;
- жастарды қоғамдық, ғылыми және шығармашылық қызмет саласында көтермелеу;
- мектеп оқушыларына мамандық таңдауға көмектесу.

3 КОНКУРСҚА ҚАТЫСУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ

Байқау тапсырмасы:

Эко - білім беру ойын алаңының сценарийін ұсыну (сынып сағаттары, ашық сабақтар, белсенді ойындар және т.б.). Сценарий кез-келген аудитория үшін жасалуы мүмкін: бастауыш, орта, жоғарғы мектеп, мектепке дейінгі мекеме, ересектер (мысалы, ата-аналар жиналысы, мектепке іргелес үйлердің тұрғындары үшін және т.б.).

Ойын алаңының тақырыбы кез келген экологиялық мәселеге арналуы мүмкін: энергия және ресурстарды үнемдеу, қалдықтарды жинау және қайта

өңдеу, аумақтарды абаттандыру және көгалдандыру мәселелері, экологиялық таза көлік, биологиялық алуан түрлілікті сақтау және ерекше қорғалатын табиғи аймақтар, эко-волонтерлік іс-шаралар және т.б.

Жұмыстарға қойылатын талаптар:

1 Жұмыс ұсынылуы білім беру алаңының сценарийі бойынша және жүргізуі жайлы презентация арқылы болады.

2 Сценарий-Times New Roman 14 шрифтімен жазылған сол жақ 3 см, жоғарғы және төменгі 2 см, оң жақ 1,5 см шеттері бар, 1,5 интервалы сақталынған 10-15 беттік PDF мәтіндік құжаты түрінде жазылуы керек. Мәтінде сызбалар, кестелер, графиктер және диаграммалар ұсынылуы мүмкін.

1. Сценарийдің титулдық беті 1-қосымшаға сәйкес жасалады.

3 Презентация 8-15 слайд көлемінде Power Point форматында орындалады.

4 Презентацияда білім беру ұйымы, жұмыстың атауы, автордың аты-жөні мен сыныбы, жетекшінің аты-жөні көрсетілген титулдық слайд болуы керек.

5 Презентация ішінде білім беру алаңын өткізу туралы негізгі ойлар көрсетіледі: фото, иллюстрациялық және үлестірмелі материалдар және т.б.

6 Конкурса жіберілетін файлдарға **конкурса қатысушының аты-жөні беріледі.**

7 Конкурса қатысуға белгіленген мерзімнен кейін алынған, конкурстың тақырыбы мен талаптарына сәйкес келмейтін жұмыстар жіберілмейді.

Конкурсты өткізу кезеңдері мен мерзімдері:

1 2024 жылдың 25 наурызына дейін ережені әзірлеу және конкурсты жариялау;

2 2024 жылдың 26-29 наурызында конкурс туралы хабарландыруды жариялау және тарату;

3 2024 жылдың 8 сәуірін қоса алғанда конкурстық жұмыстарды қабылдау;

4 2024 жылдың 10 сәуірінде конкурстық комиссияның жұмыстарды бағалауы;

5 Нәтижелерді университет сайтында және әлеуметтік желілерде онлайн жариялау; сондай-ақ, 2024 жылдың 12 сәуірінде «Қазақстанның инновациялық дамуына жастардың шығармашылығы» атты студенттер, магистранттар мен жас ғалымдардың X Халықаралық ғылыми-техникалық конференциясының (бұдан әрі - Конференция) қорытынды отырысында офлайн түрде (өткізілетін уақыты мен орны туралы қатысушыларға қосымша хабарланатын болады).

Конкурса қатысу шарттары:

Байқауға 1-11 сынып оқушылары жеке-жеке немесе топпен 3 адамға дейін қатыса алады. Қатысушылардың жұмыстары жас топтары бойынша бөлінеді: 1-5 сынып; 6-8 сынып; 9-11 сынып.

Конкурс онлайн форматта бір рет өткізіледі және тиісті қорытындыларды шығара отырып, онлайн/офлайн форматта марапаттау жүргізіледі.

Әр қатысушы конкурстық жұмысын жетекшісімен бірге орындайды.

Конкурстық жұмысты жетекшісі жібереді.

Жұмыс жетекшісі бірнеше жұмыстарға басшылық жасай алады. Бір жетекшісінен байқауға әртүрлі қатысушылардың бірнеше сценарийлері немесе бір қатысушының бірнеше сценарийлері жіберілуі мүмкін.

Конкурсқа қатысу үшін **өтінім Google-форма арқылы толтырылады**, онда сценарий мен презентация тіркелініп, ілінеді. Форманы бірнеше рет толтыруға болады. Форманы толтыру үшін **Google аккаунт қажет**.

Формаға сілтеме:

https://docs.google.com/forms/d/1y3wVy3NP_VfZnkjOce4mu32n8qZMd9vWVBgNuRXZolU/edit

4 КОНКУРСТЫ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

Конкурсты дайындау және өткізу үшін конкурсты ұйымдастырушы мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- конкурсты өткізу шарттары, сондай-ақ оның қорытындылары туралы хабарлайды;
- конкурстық жобаларға мониторинг жүргізеді;
- конкурстық комиссияның конкурстық материалдарын береді;
- қатысушыларға конкурс шарттарын түсіндіреді;
- конкурсты бағалау критерийлерін анықтайды;
- конкурс барысын бақылауды жүзеге асырады;
- конкурсты ұйымдастыруға және өткізуге байланысты өзге де функцияларды орындайды.

5 КОНКУРСТЫҚ КОМИССИЯНЫҢ ҚҰРАМЫ МЕН ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

Конкурс жеңімпаздарын анықтауды конкурстық комиссия жүзеге асырады. Конкурстық комиссия мүшелері өз қызметінде кәсіпқойлық, сапа, бейтараптық және әділдік қағидаттарын басшылыққа алады.

Әрбір жұмысты конкурстық комиссия мүшелері 10 баллдық шкала бойынша бағалайды. Әрі қарай, әр жұмыс үшін орташа баға анықталады. Нәтижелер талқыланады. Конкурстық комиссияның шешімі көпшілік дауыспен қабылданады.

Қатысушылардың жұмыстары жас топтары бойынша бөлінеді: 1-5 сынып; 6-8 сынып; 9-11 сынып. Жеңімпаздар әр топта анықталады.

Бағалау кезеңінде конкурстың комиссия мүшелері жұмыстардың деңгейін, келесі шарттар бойынша бағалайды:

- жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкестігі;
- экология саласындағы тақырыпты ашу;

- білім беру алаңы идеясының өзіндік ерекшелігі;
- жұмыстың орындалу және ресімделу сапасы.

Конкурстық комиссияның шешімі 2-қосымшаға сәйкес хаттамамен ресімделеді, оған конкурстық комиссияның төрағасы мен хатшысы қол қояды.

Конкурстық комиссияның құрамы:

Комиссия төрағасы:

Денисов И. В., «ҚОҚжәнеӨТҚ» ББжетекшісі, Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ экология және тіршілік қауіпсіздігі саласындағы құзыреттер орталығының басшысы;

Комиссия мүшелері мен хатшысы:

Даумова Г. К. - «ҚОҚжәнеӨТҚ» ББ қауымдастырылған профессоры, т.ғ.к.;

Советбекова Д.К. - Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ экология және тіршілік қауіпсіздігі саласындағы құзыреттер орталығының біліктілігі жоғары деңгейдегі Инженер;

Петрова О. А. - конкурстық комиссияның хатшысы, «ҚОҚжәнеӨТҚ» ББ аға оқытушысы, т.ғ.к., экология және тіршілік қауіпсіздігі саласындағы құзыреттер орталығының аға ғылыми қызметкері.

6 КОНКУРСТЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫН ШЫҒАРУ

1. Байқау жеңімпаздары I, II және III дәрежелі дипломдармен марапатталады. Барлық қатысушылар сертификаттармен марапатталады.

2. Байқау нәтижелері университеттің бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

3. Конкурс жеңімпаздарын 2024 жылдың 12 сәуірінде қорытынды Конференцияның отырысында салтанатты түрде жарияланып, марапатталады.

Сценарийдің мұқаба беті

Қазақстан Республикасы Білім министрлігі

Білім беру ұйымының атауы

Ұран

СЦЕНАРИЙ

эко-білім беру ойын алаңы

Автор (лар)

АТЫ-ЖӨНІ

СЫНЫП

Жетекшісі

АТЫ-ЖӨНІ

2024 ж.

«Green Dream»
МЕКТЕП ИДЕЯЛАРЫ КОНКУРСЫ
КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Конкурстық комиссия 4 адамнан тұратын «Green Dream» конкурсы туралы ережемен бекітілген.

Комиссия отырысына 4 адам қатысты.

Комиссия төрағасы:

Денисов И. В., «ҚОҚ және ӨТҚ» ББ жетекшісі, Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ экология және тіршілік қауіпсіздігі саласындағы құзыреттер орталығының басшысы;

Комиссия мүшелері мен хатшысы:

Даумова Г. К. - «ҚОҚ және ӨТҚ» ББ қауымдастырылған профессоры, т.ғ.к.;

Советбекова Д.К. - Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ экология және тіршілік қауіпсіздігі саласындағы құзыреттер орталығының біліктілігі жоғары деңгейдегі Инженер;

Петрова О. А. - конкурстық комиссияның хатшысы, «ҚОҚ және ӨТҚ» ББ аға оқытушысы, т.ғ.к., экология және тіршілік қауіпсіздігі саласындағы құзыреттер орталығының аға ғылыми қызметкері.

Байқауға (...) сценарий түсті, (...) жетекшілерінің басшылығымен орындалған авторлар (...).

Конкурстық идеяларды қарап шыққаннан кейін комиссия келесі ұпайларды қойды:

Жас тобы 1-5 сынып:

№	Автор аты-жөні	10 балдық шкала бойынша комиссияны бағалау				Орташа балл	Орын
		Денисов И.В.	Даумова Г.К.	Советбекова Д.К.	Петрова О.А.		
1							
2							
3							
4							
5							

Жас тобы 6-8 сынып:

№	Автор аты-жөні	10 балдық шкала бойынша комиссияны бағалау				Орташа балл	Орын
		Денисов И.В.	Даумова Г.К.	Советбекова Д.К.	Петрова О.А.		
1							
2							
3							

4							
5							

Жас тобы 9-11 сынып:

№	Автор аты-жөні	10 балдық шкала бойынша комиссияны бағалау				Орташа балл	Орын
		Денисов И.В.	Даумова Г.К.	Советбекова Д.К.	Петрова О.А.		
1							
2							
3							
4							
5							

Жұмыстарды бағалау нәтижелері бойынша наградаға ұсынылады:

Жас тобы 1-5 сынып:

- 1) ... I дәрежелі дипломмен (...);
- 2) ... II дәрежелі дипломмен (...);
- 3) ... III дәрежелі дипломмен (...).

Жас тобы 6-8 сынып:

- 1) ... I дәрежелі дипломмен (...);
- 2) ... II дәрежелі дипломмен (...);
- 3) ... III дәрежелі дипломмен (...).

Жас тобы 9-11 сынып:

- 1) ... I дәрежелі дипломмен (...);
- 2) ... II дәрежелі дипломмен (...);
- 3) ... III дәрежелі дипломмен (...).

Жүлделі орын алмаған қатысушыларға конкурста қатысқанын растайтын сертификаттар беріледі.

Комиссия төрағасы

Денисов И.В.

Комиссия мүшелері

Даумова Г.К.
Советбекова Д.К.
Петрова О.А.

Комиссия хатшысы

Петрова О.А.